



БАСЫЛЫМ МАЗМҰНЫ №8

- [ҚАЗАҚСТАН 2021 ЖЫЛЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АПТАЛЫҒЫН \(WORLD ENERGY WEEK\) ӨТКІЗУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ БОЛДЫ](#)
- [МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫН ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕС ӨТКІЗДІ](#)
- [НОҒАЕВ ПЕН КУЛИБАЕВ БИЗНЕСМЕНДЕРМЕН КЕЗДЕСТІ](#)
- [ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ МЕН KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ](#)
- [ҚАЗАҚСТАНДА МҰНАЙ КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІН ҰЗARTU БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛЕДІ](#)
- [«STUDENTDIGITALFEST» БАЙҚАУЫ](#)
- [«KAZAKHSTAN ENERGY WEEK – 2019» | XII Еуразиялық KAZENERGY Форумы](#)
 - ◇ [«ЖАСТАР ЖӘНЕ ЗАМАН ТАЛАБЫ» XI KAZENERGY ЖАСТАР ФОРУМЫН ӨТКІЗУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ](#)
 - ◇ [«ЭНЕРГЕТИКАДАҒЫ ӘЙЕЛ КӨШБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ОБРАЗЫ» IV KAZENERGY ӘЙЕЛДЕР ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ ФОРУМЫ](#)
 - ◇ [ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭНЕРГЕТИКА НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҒАНДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР, ЭНЕРГИЯҒА ДЕГЕН СҰРАНЫСТЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ.....](#)
 - ◇ [26 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АПТАЛЫҒЫ АЯСЫНДА ӨТКЕН XII ЕУРАЗИЯЛЫҚ KAZENERGY ФОРУМЫНЫҢ АЛАҒЫНДА ПАНЕЛЬДІК СЕССИЯЛАР.....](#)
 - ◇ [КОНГРЕСС-ОРТАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ](#)
 - ◇ [ДАРЫНДЫ ЖАСТАР ЕЛОРДАНЫ ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН СУРЕТТЕРІМЕН ТАҢ ҚАЛДЫРДЫ](#)
 - ◇ [XII ЕУРАЗИЯЛЫҚ «KAZENERGY» ФОРУМЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АПТАЛЫҒЫ» ЖОБАСЫ АЯҚТАЛДЫ](#)
- [МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ САЛАЛЫҚ КОМИССИЯ](#)
- [ҚР КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ҚЫЗМЕТКЕР ЕҢБЕК \(ҚЫЗМЕТТІК\) МІНДЕТТЕРІН АТҚАРҒАН КЕЗДЕ ОНЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ.....](#)
- [KAZENERGY БАҚ-ТА](#)

ҚАЗАҚСТАН 2021 ЖЫЛЫ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АПТАЛЫҒЫН
(WORLD ENERGY WEEK)
ӨТКІЗУ ҚҰҚЫҒЫНА ИЕ БОЛДЫ



2019 жылғы 8 қыркүйекте Абу-Даби қаласында (Біріккен Араб Әміршілігі) Дүниежүзілік энергетикалық кеңестің (World Energy Council) Атқарушы Ассамблеясының отырысы өтті. Дүниежүзілік энергетикалық кеңес жанындағы Ұлттық комитет атынан KAZENERGY қауымдастығының бас директоры Болат Ақшолақов отырыс барысында 2021 жылы Дүниежүзілік энерге-

тикалық апталығын (World Energy Week) өткізу құқығына таныстырылымдар көрсетілді. Өткізілген электронды дауыс беру қорытындысы бойынша ДЭК мүшелерінің басым көпшілігі Қазақстан Республикасының кандидатурасын қолдады.

Толығырақ:   

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫН
ДАМУ ТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕС
ӨТКІЗДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде отын-энергетика кешенінің Қазақстан экономикасында үлкен рөл атқаратынын айтты. Президент мұнай-газ саласын одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтіп, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдардың алдына бірқатар нақты міндеттер қойды. Мемлекет басшысы Қашаған, Теңіз және Қарашығанақ сияқты кен орындарына қатысты ауқымды жобаларды одан әрі жүзеге асыру қажеттігіне тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қашағандағы мұнай өндіру деңгейін жүйелі негізде арттыру мақсатында Үкіметке Консорциумның мердігер компанияларымен бірлесіп, Қашаған кен орнын толыққанды игерудің Жол картасын келісуді тапсырды.



Толығырақ:  

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

НОҒАЕВ ПЕН КУЛИБАЕВ БИЗНЕСМЕНДЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР кәсіпкерлерінің «Атамекен» ұлттық палатасы Президиумының төрағасы Тимур Кулибаев пен Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев жергілікті бизнесмендердің қатысуымен кеңейтілген отырыс өткізіп, онда өңір экономикасын дамытудың түрлі мәселелері қаралды: кадрларды дайындау, мұнай-газ жобаларындағы қазақстандық мазмұнды ұлғайту, т.б. Отырыс отандық мұнай өнеркәсібінің 120 жылдығын мерекелеу аясында өткізілді. «Шын мәнінде, жақсы мейрам. Өздеріңіз білесіздер, Атырауды туған қалам деп айта аламын. Әкем осында бес жыл қызмет етіп, облысты басқарды. Өзім 1997 жылдан бері осы облыспен, мұнай-газ саласымен, экономиканың басқа секторларымен ажырамас байланыстамын. Әрине, осы жерде, Атырауда мұнайдың 120 жылдығын мерекелеуге қатысу мен үшін үлкен мәртебе», - деді Тимур Кулибаев.

Толығырақ:



ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІ МЕН KAZENERGY ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



12 қыркүйекте KAZENERGY қауымдастығында Энергетика министрлігі мен KAZENERGY қауымдастығының қызметкерлерін салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Іс-шара Қазақстан мұнайының 120 жылдығына орай өткізілді.

Қазақстанның мұнай-газ саласын дамытуға қосқан үлесі үшін «KAZENERGY» медальдарымен, алғыс хаттарымен марапаттауды «KAZENERGY» қауымдастығы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қараалин өткізді.

Мерейтойлы медальдарымен марапаттау үшін ҚР Энергетика вице-министрі Әсет Мағауов шақырылды.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



ҚАЗАҚСТАНДА МҰНАЙ КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІН ҰЗARTУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Қазақстанда мұнай кен орындарының жарамдылық мерзімін ұзарту жөнінде жол картасы жасалады

Бұл ұсынысты «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев «Атамекен» ҚР ҰКП Төралқасы Мұнай-газ өнеркәсібі комитетінің отырысы барысында айтты. Бұған дейін мұнай өндіру коэффициентін ұлғайту мәселесі және жаңа мұнай кен орындарын әзірлеу қажеттілігін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ саласының кеңейтілген отырысында көтерген болатын.

Толығырақ:



«STUDENTDIGITALFEST» БАЙҚАУЫ



2019 жылғы 4 қазанда сағат 10.00-де Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде (бұдан әрі - АӨМУ) АӨМУ Кәсіптік даму және мансап орталығының қолдауымен KAZENERGY қауымдастығының атқарушы директоры Ляззат Ахмурзинаның «Тау ісі», «Мұнай-газ ісі», «Органикалық емес заттардың химиялық технологиясы», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы», «Экология», «Биология», «Физика», «Математика», «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламаларының 2-4 курс студенттері мен магистранттарымен кездесуі өтті.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

«KAZAKHSTAN ENERGY WEEK – 2019» | XII Еуразиялық KAZENERGY Форумы «ЖАСТАР ЖӘНЕ ЗАМАН ТАЛАБЫ» XI KAZENERGY ЖАСТАР ФОРУМЫН ӨТКІЗУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

Бүгін, 2019 жылғы 24 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласының Конгресс-орталығында «Жастар және заман талабы» XI KAZENERGY Жастар форумының ашылуы болды (бұдан әрі - Форум). Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы М.Д. Қожахмет, KAZENERGY қауымдастығы төрағасының орынбасарлары Ұ.С.Қарабалин мен Ж.Ж.Сәрсенов Форумның қатысушыларына құттықтау сөздерін айтты. Форумның шеңберінде 2017 жылдан бастап KAZENERGY қауымдастығы мен Шелл Қазақстан компаниясы іске асырып келе жатқан Student Energy Challenge зияткерлік командалық конкурсының көптен күткен финалы өтті.

Команда капитандарының elevator pitch стилінде сөз сөйлеу қорытындылары бойынша қазылар алқасы шешімінің негізінде сыйлық қоры командалар арасында бөлінді. Осылайша, 2019 жылғы Student Energy Challenge жеңімпаздары болып атанды:

1. Wind of Change, Назарбаев Университеті – 1 орын, 10 000 АҚШ доллары.
2. FEOGI, Қазақстан-Британ техникалық университеті – 2 орын, 5 000 АҚШ доллары.
3. Innovation WKATU, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті – 3 орын, 3 000 АҚШ доллары.

Толығырақ:




Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

«ЭНЕРГЕТИКАДАҒЫ ӘЙЕЛ
КӨШБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ
ОБРАЗЫ» IV KAZENERGY ӘЙЕЛДЕР
ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ КЛУБЫНЫҢ ФОРУМЫ



KAZAKHSTAN ENERGY WEEK (KEW) шеңберінде «Энергетикадағы әйел көшбасшылығының қазіргі заманғы образы» IV KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының форумы өтті. 2019 жылғы 25 қыркүйекте EXPO Конгресс-орталығында әйелдердің мансап, білім беру, отбасы сияқты әртүрлі салаларда ілгерілеуге жәрдемдесу тақырыбына арналған «Энергетикадағы әйел көшбасшылығының қазіргі заманғы образы» IV KAZENERGY Әйелдер энергетикалық клубының форумы өтті. Форумның панельді дискуссияларының, сессиялары мен шеберлік класының жұмысында мұнай-газ және энергетика салаларында әйел көшбасшылығының өзекті проблемалары, маңызды инсайттары мен нақты үлгілері, гендерлік алуан түрлілік туралы халықаралық және қазақстандық зерттеулер қаралды.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

«KAZAKHSTAN ENERGY WEEK – 2019» | XII Еуразиялық KAZENERGY Форумы

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭНЕРГЕТИКА НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҒАНДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР,
ЭНЕРГИЯҒА ДЕГЕН СҰРАНЫСТЫҢ ГЕОГРАФИЯСЫ МЕН
ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ, МҰНАЙ БАҒАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ XII KAZENERGY
ЕУРАЗИЯЛЫҚ ФОРУМЫНЫҢ АШЫЛУ ШЕҢБЕРІНДЕ НЕГІЗГІ
ТАҚЫРЫПТАРҒА АЙНАЛДЫ



2019 жылғы 26 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласының Конгресс орталығында «Энергия көздерінің болашағы: инновациялық даму» атты тақырыпта KAZENERGY XII Еуразиялық форумының ашылуы өтті. Аталған іс-шара осы аптада Қазақстан елордасында Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен KAZENERGY қауымдастығы өткізіп жатқан KAZAKHSTAN ENERGY WEEK 2019 (KEW) басты халықаралық оқиғасы болып табылады. Форум дәстүрлі түрде пленарлық сессиямен ашылды. Оның негізгі спикерлерінің қатарында Қазақстан Республикасының Премьер-министрі

Асқар Мамин, ОПЕК Бас хатшысы Мохаммед Баркиндо, «Самұрық-Қазына» ҮӘҚ АҚ Басқарма төрағасы Ахметжан Есімов, Исландия президенті (1996-2016 жж..) Оулавюр Рагнар Гримссон болды. Пленарлық сессия барысында айтылған негізгі мәселелер – нарықтағы жаһандық өзгерістер жағдайларында тұрақты энергетикаға көшу, көбінесе, дәстүрлі шикізат көздері – мұнай мен газдың есебінен бүкіл дүниежүзінде энергияға деген өсіп келе жатқан сұраныс, қолда бар энергия ресурстарын дамыту және жаңа көздерін іздеу, сондай-ақ оларды тұтынушыларға тұрақты жеткізу мүмкіндіктері.



Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

«KAZAKHSTAN ENERGY WEEK – 2019» | XII Еуразиялық KAZENERGY Форумы

26 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ
АПТАЛЫҒЫ АЯСЫНДА ӨТКЕН XII ЕУАЗИЯЛЫҚ KAZENERGY
ФОРУМЫНЫҢ АЛАҢЫНДА ПАНЕЛЬДІК СЕССИЯЛАР,
КОНФЕРЕНЦИЯЛАР, ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР ӨТКІЗІЛДІ

Талқылау тақырыптары:

- ГАЗ ФАКТОРЫ ҒАЛАМДЫҚ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СЕКТОРДАҒЫ
- «ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ҚАУІПТЕРДІ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ» ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ
- ТҰРАҚТЫ ДАМУ ҮШІН ЭНЕРГИЯ
- БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ ЖАҒАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯНЫҢ РӨЛІ (ИРЕНА)

Толығырақ:



КОНГРЕСС-ОРТАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

2019 жылғы 27 қыркүйекте KAZAKHSTAN ENERGY WEEK шеңберінде өткізілген XII KAZENERGY Еуразиялық Форумының алаңында Нұр-Сұлтан қаласының Конгресс-орталығында Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған конференция өтті.

KAZENERGY қауымдастығы төрағасының орынбасары Ұзақбай Қарабалин атқандай, мұнай алдағы уақытқа Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігінің кепілдігіне айналды.

«Елімізде қолданылатын жер қойнауын пайдалану саласындағы заңнама базасы миллиардтаған шетел инвестицияларын тарту және мемлекеттік органдар мен инвесторлардың өзара қарым-қатынастарын жетілдіру үшін негіз болады. Осы процестердегі орталық рөл Қазақстан Республикасының үкіметіне тиесілі екендігі сөзсіз», - деді ол.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

«KAZAKHSTAN ENERGY WEEK – 2019» | XII Еуразиялық KAZENERGY Форумы

ДАРЫНДЫ ЖАСТАР ЕЛОРДАНЫ ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНЫҢ 120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН СУРЕТТЕРІМЕН ТАҢ ҚАЛДЫРДЫ

27 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласында «Жастар-Энергия-Болашақ» атты шығармашылық байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі және Kazakhstan Energy Week шеңберінде Қазақстан мұнайының 120 жылдығына арналған көрменің салтанатты ашылуы өтті.

Жастар жылына және Қазақстан мұнайының 120 жылдығына байланысты «KAZENERGY» қауымдастығы ЮНЕСКО клубтарының Қазақстан ұлттық федерациясымен бірлесіп, Қазақстанның барлық өңірлерінен 14-18 жас аралығындағы жас суретшілер үшін «Жастар-Энергия-Болашақ» атты шығармашылық конкурс жариялады.


Толығырақ:



XII ЕУРАЗИЯЛЫҚ «KAZENERGY» ФОРУМЫ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АПТАЛЫҒЫ» ЖОБАСЫ АЯҚТАЛДЫ

2019 жылдың 27 қыркүйегінде «Нұр Сұлтан» Конгресс-орталығында KAZENERGY қауымдастығы ұйымдастырған XII Еуразиялық форум KAZENERGY және KAZAKHSTAN ENERGY WEEK жобасы аяқталды. Форумның екінші күніндегі маңызды оқиғалар - алғашқы қазақстандық мұнай өндірісінің 120 жылдығына арналған конференция және Ұлттық энергетикалық баяндаманың (NED) тұсаукесері болды.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com



МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ӘРІПТЕСТІК ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫН РЕТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ САЛАЛЫҚ КОМИССИЯ



2019 жылғы 27 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінде Мұнай-газ саласындағы әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі салалық комиссияның отырысы өтті.

Толығырақ:



ҚР КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ ҚЫЗМЕТКЕР ЕҢБЕК (ҚЫЗМЕТТІК) МІНДЕТТЕРІН АТҚАРҒАН КЕЗДЕ ОНЫ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДАН МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ҚР ЗАҢЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ОТЫРЫС ӨТКІЗІЛДІ

2019 жылғы 30 қыркүйекте «KAZENERGY» қауымдастығының алаңында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасы жөнінде жұмыс берушілер өкілдерімен талқылау өткізілді.

Толығырақ:



Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

PETROLEUM

Kazakhstan Analytical Journal



КазТАГ
Казакское телеграфное
агентство

inbusiness.kz

Қазақстан 2021 жылы Дүниежүзілік энергетика аптасын өткізу құқығын алды

ҚАЗАҚСТАН ЭНЕРГИЯСЫ ЖУМА - 2019: «энергия көздерінің болашағы: инновациялық өсу»

Әлемдік энергетикалық құрылымдардың жетекшілері Нұр Сұлтандағы Қазақстан энергетикалық апталығына келеді

Нұр-Сұлтан 2021 жылғы Дүниежүзілік энергетикалық аптаның орны болады

Болат Ақшолоқов, KAZENERGY қауымдастығының бас директоры Forbes.kz сайтына берген сұхбатында жанандық нарықтағы өзгерістер энергетиканың болашағына қалай әсер ететіні туралы.

Толығырақ:

<https://forbes.kz/process/energetics/kew-dialog-o-buduschem-kak-globalnyie-izmeneniya-na-rynke-vliyayut-na-budushee-energetiki-kazahstana/>

Рус Қаз Eng

Forbes

ГЛАВНАЯ ПЕРСОНАЛЬНАЯ ЛЕНТА НОВОСТИ БЛОГИ РЕЙТИНГИ УЧАСТНИКИ РЕЙТИНГОВ

KEW – диалог о будущем. Как глобальные изменения на рынке влияют на будущее энергетики Казахстана?

Главная > Процесс > Энергетика

23 сентября 2019

Глобальные изменения в мире не могут не сказываться на энергетике, трансформирующейся в соответствии с новыми вызовами и угрозами



Болат Ақшулақов

На фоне таких трендов, как перенос центра потребления с запада на восток, качественный спрос на энергоносители, вовлечение в энергетический баланс возобновляемых источников энергии, внедрение энергоэффективных и энергосберегающих технологий, меняется сама философия развития энергетики. Теперь от того, какой она будет – чистой, экологичной, энергоёмкой или довлеющей на окружающий мир, зависит наше будущее.

Қауымдастықтың барлық өзекті жаңалықтары сайтта kazenergy.com

